

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 42 (2017), 52 – 57

**K. Zh. Dossybaev<sup>1,2</sup>, Z. S. Orasimbetova<sup>1</sup>, M. D. Tulekey<sup>1,3</sup>,  
A. S. Mussayeva<sup>1</sup>, B. O. Bekmanov<sup>1,3</sup>, B. M. Makhatov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Institute of general genetics and cytology, Almaty, Kazakhstan,

<sup>2</sup> Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: kairat1987\_11@mail.ru

## **STUDY OF KAZAKH FINE-WOOL SHEEP BREEDS WITH DNA-MARKERS**

**Abstract.** This work was devoted to molecular-genetic analysis of sheep of Kazakh fine-wool breed using STR-markers. 12 STR markers recommended by the International Society of Animal Genetics (ISAG) (CSRD247, D5S2, INRA005, INRA006, INRA023, INRA063, INRA172, MAF065, MAF214, McM042, McM527, OarFCB20) were used in the work. As a result of the research, the following indicators were obtained: on average, the level of polymorphism per one locus is 7.917; the effective number of alleles is 4.90; the Shannon index was 1.7; observed and expected heterozygosity of 0.744 and 0.770; the value was PIC 0,739. The results of this study confirm the high information content of the used markers for the estimation of genetic diversity in the sheep of the studied populations of the Kazakh fine-wool breed.

**Key words:** kazakh sheep fine-wool, DNA-markers, STR-markers.

ӘОЖ 575.174.015.3: 636.082.12

**К. Ж. Досыбаев<sup>1,2</sup>, З. С. Оразымбетова<sup>1</sup>, М. Д. Тулекей<sup>1,3</sup>,  
А. С. Мұсаева<sup>1</sup>, Б. О. Бекманов<sup>1,3</sup>, Б. М. Махатов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ҚР БФМ ФК «Жалпы генетика және цитология институты», Алматы, Қазақстан,

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан,

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

## **ҚАЗАҚТЫҢ БИЯЗЫ ЖҰНДІ ҚОЙ ТҮҚЫМЫН ДНҚ-МАРКЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация.** Бұл жұмыс қазақтың биязы жұнді қой түқымын STR-маркерлер арқылы молекулалы-генетикалық талдауға арналған. Зерттеуге «Халықаралық жаңуарлар генетикасы қоғамы» (ISAG) ұсынған 12 STR-маркерлер қолданылды (CSRD247, D5S2, INRA005, INRA006, INRA023, INRA063, INRA172, MAF065, MAF214, McM042, McM527, OarFCB20). Нәтижесінде орташа есеппен бір локустағы полиморфизм деңгейі 7,917; аллельдердің эффективті саны 4,90; Шеннон индексі 1,7; байқалатын және күтілетін гетерозиготалар 0,744 және 0,770; PIC-көрсеткіші 0,739 мәндеріне тең болатыны көрсетілді. Қазақтың биязы жұнді қой түқымының әртүрлілігін сипаттауда аталған маркелердің генетикалық ақпараттылығы жоғары екендігін зерттеу барысында алған нәтижелермен дәлелденді.

**Түйін сөздер:** қазақтың биязы жұнді қой түқымы, ДНҚ-маркерлер, STR-маркерлер.

Қазақтың биязы жұнді қой түқымы Қазақстанда ет және жүн өнімдерін өндіру бағытында есірледі және 1931–1946 жылдар аралығында шығарылған етті-жұнді бағыттағы алғашқы отандық қой түқымы болып есептеледі. Бұл түқым жергілікті қазақтың құйрықты қойаналықтарын ағылшынның *прекос* түқымымен шағылыстыру нәтижесінде алынған. Негізінен Қазақстанның

онтустік-шығысындағы табиғи-климаттық жағдайларға жақсы бейімделеген қой тұқымы ретінде сипатталады [1-3]. Дене бітімі берікірі ірі және сүйегі мықты жетілген болып келеді. Аталақ қойлар мүйізді және мүйізсіз, орта есеппен тірі салмағы 100-120 кг, қырқылған жүн түсімі 8-12 кг, жуылған жүн шығымы 55-60%, жүнінің ұзындығы 9-12 см, жүнінің жіңішкелігі 60-тан 70-ке дейінгі аралықта болады. Ал, аналықтарысайкесінше, тірі салмағы 55-75 кг, қырқылған жүн түсімі 4-5,5 кг, жуылған жүн шығымы 50-55%, жүнінің ұзындығы 8-10 см және төлдегіштігі 120-140% тең болады [3-5].

Қазіргі таңда асыл тұқымды мал шаруашылығындағы селекциялық жұмыстарды жылдамдату және олардың генетикалық потенциалын жоғарылатуда әртүрлі генетикалық маркерлер кеңінен колданылады. Оның ішінде микросателлитті маркерлер (*STR (Simple Tandem Repeats)*) өте маңызды. Бұл маркерлер генетикалық әртүрлілікті зерттеуде жиі қолданылады, яғни олар геномда кеңінен таралған, полиморфизм деңгейі жоғары, кодминантты тұқымқуалайды және талдау жасауға қолайлы [6]. Мал шаруашылығында жетістікке жетудің бір жолы ол популяциядағы даралардың гетерогенді болуына байланысты [7]. Сондықтан, мал өсіру саласында генетикалық гетерогендікті бақылауда ұстау және оны сақтау өте маңызды. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары микросателлитті талдаулар арқылы жүргізіледі [8-12]. Қазақстандағы мал шаруашылығы саласында мұндай зерттеулер әлі де болса жеткіліксіз және кеңінен қолданысқа енгізілмеген. Осыған орай жергілікті мал тұқымдарына *STR*-маркелері арқылы генетикалық түрғыдан сипаттама беру өте маңызды болып табылады. Бұл зерттеу жұмысында *STR*-маркелері арқылы қазақтың биязы жүнді қой тұқымы популяциясына молекулалы-гентикалық сипаттама берілді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу нысанасы ретінде Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Р-Құрты» шаруа қожалығында өсірілетін, жынысы әртүрлі 15 басқазактың биязы жүнді қой тұқымының қан үлгілері алынды. ДНҚ молекуласын бөліп алу мақсатында ӘДТА реагенті бар пробиркаларға қан үлгілері жиналды. Геномдық ДНҚ молекуласын бөліп алу *QIAamp DNA MiniKit (Qiagen, АҚШ)* арнайы реагенттер жиынтығымен шығарушы фирманиң нұқсаулығымен жүзеге асырылды. Бөлінген ДНҚ молекуласының биофотометр (*Biophotometer plus, Eppendorf, Германия*) құралында концентрациясы және агарозды гель-электрофорез арқылы сапасы анықталды.

Қазіргі таңда *STR*-маркелері көмегімен зерттеулер жүргізу барысында «Халықаралық жануарлар генетикасы қоғамы» (*The International Society for Animal Genetics, ISAG*) бекіткен арнайы панельдер жиынтығын, мысалы, ірі қара үшін 11, жылқы үшін 17 маркерлерді пайдаланады. Алайда, қойлар мен ешкілерді зерттеуде қолданылатын *STR*-маркелерінің арнайы жиынтығы коммерциялық бағытта әлі құрастырылмаған. Сонда да болса *ISAG* қоғамы бірнеше рет зерттеулер және тексерулер жүргізу арқылы қойларды зерттеуге қарастырылғы жоғары 13 *STR*-маркелерін ұсынады және оның біреуі жынысты анықтауға, ал 12 маркер қой тұқымдарын сипаттауға қолданылады. Біздің зерттеуге алған қой тұқымдарының жынысы белгілі болғандықтан микросателлитті талдауда *ISAG* ұсынған 12 маркер алынды (кесте).

Қойларды сипаттауға арналған *ISAG* ұсынған *STR*-маркелер

№	Локустар	Орналасқан хромосомасы	NCBI нөмірі	Аллельдер өлшемі	Жабысу, °C	Бояғыш түсі
1	<i>CSRD247</i>	14	–	211-264	63°C	HEX
2	<i>D5S2</i>	5	–	188-202	55°C	FAM
3	<i>INRA005</i>	10	X63793	117-155	55°C	HEX
4	<i>INRA006</i>	3	–	109 - 123	55°C	FAM
5	<i>INRA023</i>	3	X67830	198-223	55°C	TET
6	<i>INRA063</i>	14	X71507	168-206	52°C	FAM
7	<i>INRA172</i>	–	X74205	136-171	52°C	HEX
8	<i>MAF065</i>	15	M67437	118-140	52°C	HEX
9	<i>MAF214</i>	16	M88160	175-267	65°C	TET
10	<i>McM042</i>	9	L34281	81-107	52°C	FAM
11	<i>McM527</i>	5	L34277	165-184	52°C	HEX
12	<i>OarFCB20</i>	2	L20004	85-118	52°C	TET

Полимеразды тізбекті реакция (ПТР) арнайы *PCR Master Mix (Thermo Scientific, АҚШ)* жиынтығын пайдаланып, стандартты реакция жағдайында және праймерлердің жабысу температурасына сәйкес жүзеге асырылды (кесте). Амплификация өнімдері *Quantum-ST5 (VilberLourmat, Франция)* гелькүжаттау жүйесінің көмегімен өнделді. ПТР өнімдерін генотиптеу *ABI Prism 310 (Applied Biosystems, АҚШ)* генетикалық талдау аппаратында жүзеге асырылды. Нәтижесінде алынған аллельдердің өлшемдері *GeneMapper* бағдарламасы арқылы анықталды.

Әрбір локустағы аллельдер саны (*Na*) және полиморфизмнің ақпараттықорсектіші PIC (*polymorphism information content The Excel Microsatellite Toolkit* бағдарламасы арқылы [13], аллельдердің тиімді (эффективті) саны (*Ne*) [14], Шеноннның ақпаратты қорсектіші (индексі) (*I*) [14], байқалатын (*No*) және күтілетін (*He*) гетерозиготалар деңгейі [15] *Microsoft Excel* базасындағы арнайы *GenAlEx 6.5* [16] бағдарламасы арқылы есептелді.


**Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар.** Көптеген ғылыми әдебиеттерде полиморфизм деңгейінің жоғары болуытұқымшылік генетикалық әртүрлілікті және олардың келесі ұрпақта сакталу ықтималдығын сипаттайды. Кей жағдайларда ұзақ уақыт бойы бір бағытта жүргізілген іріктеу салдарынан генетикалық әртүрлілік деңгейі төмендей және белгілі бір түрге жататын тұқымда жекелеген аллельдердің жоғару қаупі байқалуы мүмкін. Алайда, өнімділік қасиеті жоғары мал табындарында бастапқы дараларға қарғанда, салыстырмалы түрде гетерозиготалығын және полиморфизм деңгейін жоғарылату қолға алынуда. Сонымен бірге, нақты бір тұқымда зерттелетін барлық маркерлер бойынша аллельдердің орташа санын анықтау, тұқымшылік генетикалық әртүрлілікті сактауда маңызды рөл атқарады.

Бұл жұмыста қазақтың биязы жүнді қой тұқымына молекулалы-гентикалық сипаттама беру барысында қолданылған микросателлитті маркерлердегі ең тәменгі полиморфизм деңгейі *INRA172, MAF065, MAF214* және *McM527* локустарында байқалған болса, ең жоғары қорсектіш *INRA005, INRA023* локустарында анықталды. Аталған қорсектіштердің әр локустағы орташа шамасы  $7,917 \pm 0,557$  мәніне тең болды.


Аллельдердің эффективті саны – полиморфты локустар үлесінен әр локусқа шаққандағы аллельдер санынан және аллельдер жиілігінің тепе-тендігінен туындағының функция болып табылады. Бұл қорсектіш генетикалық әртүрліліктің өлшемі болып саналады. Аллельдердің эффективті саны зерттелетін малдардың көрі гомозиготалық шамасын бағалайды және де аллельдер жиілігі бірдей болғанда нақты гетерозиготалыққа тең болатын аллельдер санын қорсетеді [14, 17]. Бұл зерттеудегі аллельдердің эффективті санының бір локустағы орташа қорсектіші  $4,90 \pm 0,538$  мәніне тең болды. Аллельдердің эффективті саны мен Шенон индексі бойынша ең жоғары қорсектіш *INRA005* локусында болса, ал ең тәменгі қорсектіш *INRA172* локусында байқалды. Зерттелген популяцияда барлық маркерлер бойынша аллельдер саны, аллельдердің тиімді (эффективті) саны және Шенон индексі 1 суретте қорсетілген (1-сурет).

Ары қарай зерттелген қойлардағы генетикалық өзгергіштікі бағалау үшін байқалатын және күтілетін гетерозиготалар дәрежесі есептелді. Популяциядағы мутациялық процесстер, іріктеудің әртүрлі типтері, гендер дрейфі, кездейсоқ емес шағылысулар және басқада факторлар осы байқалатын және күтілетін гетерозиготалар дәрежесі арқылы анықталады [18]. Осылан орай, зерттелген қойлар арасында бірнеше микросателлитті локустар бойынша гетерозиготалы даралардың жетіспеушілігі байқалды, мысалы, *CSRD247, D5S2, INRA006, INRA172, MAF214* және *McM527*. Гетерозиготалар жетіспеушілігінің ең тәменгі мәні *INRA172* локусында 4% құраса, ал ең жоғары мәні 30% қорсектіште *McM527* локусында анықталды. Мұндағы байқалатын және күтілетін гетерозиготалар дәрежесі 0,400-тен (*McM527*) 0,933-ке (*INRA005*) және 0,640-тан (*INRA172*) 0,882-ге (*INRA005*) дейінгі аралықта кездесті. Ал, орташа мәні  $0,744 \pm 0,048$  және  $0,770 \pm 0,022$  тең болды.

Табылған аллельдер саны мен олардың тараулу жиілігіне байланысты популяция полиморфизмін анықтау барысында маркерлердің қабілеттілігі PIC(полиморфизмнің ақпараттық қорсектіші) мәні арқылы анықталады [19]. Әрбір локустағы гетерозиготалар мен PIC мәндерін өзара салыстырганда, өздеріне тиесілі гетерозиготалардан барлық PIC мәндері тәмен жағдайда болды. Негізінен PIC мәні күтілетін гетерозиготалардан кіші болуы тиіс [19]. Мұнда әрбір STR-маркері бойынша PIC-қорсектіші есептелді, нәтижесінде олардың орташа өлшемі 0,739 болса, ал өзгергіштік деңгейі  $0,613 - 0,870$  дейінгі аралықта *INRA172* және *INRA005* локустарында байқалды (2-сурет).



1-сурет – зерттелген популяция дараларының микросателлитті локустарындағы аллельдер саны ( $Na$ ), аллельдердің эффективті саны ( $Ne$ ) және Шенон индексі( $I$ ) бойынша көрсеткіштері



2-сурет – зерттелеген қой популяциясының микросателлитті локустарындағы байқалатын ( $Ho$ ) және күтілетін ( $He$ ) гетерозиготалар деңгейі мен полиморфизмнің ақпараттық көрсеткіші ( $PIC$ )

Сонымен, *STR*-маркерлері арқылы зерттелген даралардың генетикалық құрылымына, генетикалық әртүрлілігімен өзгергіштік деңгейлеріне сипаттама берілді. Әрбір *STR*-маркерлері бойынша орта есеппенбір локустағы полиморфизм деңгейі 7,917; аллельдердің эффективті саны 4,90; Шенон индексі 1,7; байқалатын және күтілетін гетерозиготалар 0,744 және 0,770; PIC-көрсеткіші 0,739 мәндерін көрсетті. Қазақтың биязы жүнді қой тұқымының әртүрлілігін сипаттауда аталған маркелердің генетикалық ақпараттылығы жоғары екендігін зерттеу барысында алынған нәтижелер дәлелдейді. Бұл мәліметтерді болашақта зерттелген қой популяциясына селекциялық жұмыстар жүргізуге колдануға болады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] «Қазақстан»: Үлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – V том. – ISBN 5-89800-123-9.
- [2] Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс. – 2002. ISBN 9965-607-02-8.
- [3] Сабденов К.С., Махатов Б.М., Нуржанова К.Х., Бурамбаева Н.Б., Султанова А.К., Кулатаев Б.Т. Современная технология производства продуктов овцеводства: Учебник. – Алматы: Айтмұра, 2015. – 416 с.
- [4] Каталог научно-технических разработок АО «Казагроинновация» // Животноводство и ветеринария. – 2011.
- [5] Бегімбеков Қ.Н., Төреканов А.Ә., Байжұманов Ә. Мал өсіру және селекция: Оқулық. – Алматы: Эпиграф, 2015. – 428 б.
- [6] Canon J., Garcia D., Garcia-Atance M.A., et al. ECONOGENE Consortium // Geographical partitioning of goat diversity in Europe and the Middle East. Anim. Genet. – 2006. – Vol. 37. – P. 327-334.
- [7] Zhang X.Y., Zhou M.L., Zhang X.H., Wu D.J. Study on population genetic structure of Liangshan semi-wool sheep using microsatellite markers // Pakistan Journal of Biology Science. – 2009. – Vol. 11. – P. 2423-2427.
- [8] Arranz J.J., Bayón Y., San Primitivo F. Genetic relationships among Spanish sheep using microsatellites // Anim. Genet. – 1998. – Vol. 29. – P. 435-440.
- [9] Arora R., Bhatia S. Genetic diversity of Magra sheep from India using microsatellite analysis // Asian Aus. J. Anim. Sci. – 2006. – Vol. 19. – P. 938-942.
- [10] Dalvit C., Sacca E., Cassandro M. et al. Genetic diversity and variability in Alpine sheep breeds // Small Rum. Res. – 2008. – Vol. 80. – P. 45-51.
- [11] Esmail K.S., Nejati J.A., Afraz F. et al. Genetic variation among baluchi sheep population using microsatellite markers // Iran. Sci. Tech. Agric. Nat. Res. – 2007. – Vol. 11. – P. 41.
- [12] Tapio M., Miceikiene I., Vikki J., Kantanen J. (2003) Comparison of microsatellite and blood protein diversity in sheep: inconsistencies in fragmented breeds // Mol Ecol. – 2003. – Vol. 12(8). – P. 2045-2056.
- [13] Park S.D.E. Excel Microsatellite Toolkit. Computer program and documentation distributed by the author. – 2008. – Website <http://animalgenomics.ucd.ie/sdepark/ms-toolkit/> (accessed 17 June 2013).
- [14] Brown A.H.D., Weir B.S. Measuring genetic variability in plant populations // In: Tanksley S.D., Orton T.J., editors. Isozymes in Plant Genetics and Breeding Part A. – 1983. Amsterdam: Elsevier. – P. 219-239.
- [15] Hartl D.L., Clark A.G. Principles of Population Genetics, 4rd Ed. – 2007. – Sinauer Associates is an imprint of Oxford University Press. – 4th edition. – 545 p. – ISBN 978-0878933082.
- [16] Peakall R., Smouse P.E. GenAIEx 6.5: genetic analysis in Excel. Population genetic software for teaching and research-an update // Bioinformatics. – 2012. – Vol. 28. – P. 2537-2539.
- [17] Kimura M., Crow J.F. The number of alleles that can be maintained in a finite population // Genetics. – 1964. – Vol. 49. – P. 725-738.
- [18] Lewontin R.C. The genetic basis of evolutionary change. – New York: Columbia University Press, 1974. – 346 p.
- [19] Botstein D., White R.L., Skalnick M.H., Davies R.W. Construction of a genetic linkage map in man using restriction fragment length polymorphism // Am. J. Hum. Genet. – 1980. – Vol. 32. – P. 314-331.

## REFERENCES

- [1] «Kazakhstan»: National encyclopedia / Chief editor A. Nysanbayev. Almaty: «Kazakh encyclopedia» editors, 1998. Vol. V. ISBN 5-89800-123-9. (In Russ.).
- [2] Western Kazakhstan region. Encyclopedia. Almaty: Arys, 2002. ISBN 9965-607028. (In Russ.).
- [3] Sabdenov K.S., Makhatov B.M., Nurzhanova K.Kh., Burambaeva N.B., Sultanova A.K., Kulataev B.T. Modern technology of production of sheep breeding products: Book. Almaty: Atamura, 2015. 416 p. (In Russ.).
- [4] Catalog of scientific and technical developments AO «Kazagroinnovatsiya» // Animal husbandry and veterinary science. 2011. (In Russ.).
- [5] Begimbekov K.N., Terekhanov A.A., Bayzhmanov A. Animal breeding and selection: Book. Almaty: Epigraph, 2015. 428 p. (In Russ.).
- [6] Canon J., Garcia D., Garcia-Atance M.A., et al. ECONOGENE Consortium // Geographical partitioning of goat diversity in Europe and the Middle East. Anim. Genet. 2006. Vol. 37. P. 327-334.
- [7] Zhang X.Y., Zhou M.L., Zhang X.H., Wu D.J. Study on population genetic structure of Liangshan semi-wool sheep using microsatellite markers // Pakistan Journal of Biology Science. 2009. Vol. 11. P. 2423-2427.
- [8] Arranz J.J., Bayón Y., San Primitivo F. Genetic relationships among Spanish sheep using microsatellites // Anim. Genet. 1998. Vol. 29. P. 435-440.
- [9] Arora R., Bhatia S. Genetic diversity of Magra sheep from India using microsatellite analysis // Asian Aus. J. Anim. Sci. 2006. Vol. 19. P. 938-942.
- [10] Dalvit C., Sacca E., Cassandro M. et al. Genetic diversity and variability in Alpine sheep breeds // Small Rum. Res. 2008. Vol. 80. P. 45-51.
- [11] Esmail K.S., Nejati J.A., Afraz F. et al. Genetic variation among baluchi sheep population using microsatellite markers // Iran. Sci. Tech. Agric. Nat. Res. 2007. Vol. 11. P. 41.
- [12] Tapio M., Miceikiene I., Vikki J., Kantanen J. (2003) Comparison of microsatellite and blood protein diversity in sheep: inconsistencies in fragmented breeds // Mol Ecol. 2003. Vol. 12(8). P. 2045-2056.
- [13] Park S.D.E. Excel Microsatellite Toolkit. Computer program and documentation distributed by the author. 2008. Website <http://animalgenomics.ucd.ie/sdepark/ms-toolkit/> (accessed 17 June 2013).

- 
- [14] Brown A.H.D., Weir B.S. Measuring genetic variability in plant populations // In: Tanksley S.D., Orton T.J., editors. Isozymes in Plant Genetics and Breeding Part A. 1983. Amsterdam: Elsevier. P. 219-239.
  - [15] Hartl D.L., Clark A.G. Principles of Population Genetics, 4rd Ed. 2007. Sinauer Associates is an imprint of Oxford University Press; 4th edition, 545 p. ISBN 978-0878933082.
  - [16] Peakall R., Smouse P.E. GenAIEx 6.5: genetic analysis in Excel. Population genetic software for teaching and research-an update // Bioinformatics. 2012. Vol. 28. P. 2537-2539.
  - [17] Kimura M., Crow J.F. The number of alleles that can be maintained in a Pnite population // Genetics. 1964. Vol. 49. P. 725-738.
  - [18] Lewontin R.C. The genetic basis of evolutionary change. New York: Columbia University Press, 1974. 346 p.
  - [19] Botstein D., WhiteR.L., Skalnick M.H., Davies R.W. Construction of a genetic linkage map in man using restriction fragment length polymorphism // Am. J. Hum. Genet. 1980. Vol. 32. P. 314-331.

**К. Ж. Досыбаев<sup>1,2</sup>, З. С. Оразымбетова<sup>1</sup>, М. Д. Тулекей<sup>1,3</sup>,  
А. С. Мусаева<sup>1</sup>, Б. О. Бекманов<sup>1,3</sup>, Б. М. Махатов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>«Институт общей генетики и цитологии» КН МОН РК, Алматы, Казахстан,

<sup>2</sup>Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан,

<sup>3</sup>Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ОВЕЦ КАЗАХСКОЙ ТОНКОРУННОЙ ПОРОДЫ НА ОСНОВЕ ДНК-МАРКЕРОВ**

**Аннотация.** Данная работа посвящена молекулярно-генетическому анализу овец казахской тонкорунной породы с помощью STR-маркеров. В работе были использованы 12 STR-маркеры, рекомендованные «Международным обществом генетики животных» (ISAG) (CSRD247, D5S2, INRA005, INRA006, INRA023, INRA063, INRA172, MAF065, MAF214, McM042, McM527, OarFCB20). В результате исследований были получены следующие показатели: в среднем уровень полиморфизма на один локус 7,917; эффективное число аллелей – 4,90; индекс Шеннона 1,7; наблюдаемая и ожидаемая гетерозиготность 0,744 и 0,770; значение – PIC0, 739. Результаты настоящего исследования подтверждают высокую информативность использованных маркеров для оценки генетического разнообразия у овец изучаемой популяций Казахской тонкорунной породы.

**Ключевые слова:** казахская тонкорунная порода овец, ДНК-маркеры, STR-маркеры.